

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 821 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 500 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 02.07.2025 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

" жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп" нысанында:

"I. Кірістер:" деген бөлімде:

мына:

"

29	Мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі	
----	---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

29	Мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	
----	--	--

”;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандарында:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп" деген 1-нысанда:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Түсімдер, БАРЛЫҒЫ: оның ішінде: - мұнай секторының ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оның ішінде: корпоративтік табыс салығы; үстеме пайдаға салынатын салық; бонустар; пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық; экспортқа салынатын рента салығы; жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі ; мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық; - мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелген түсімдерді қоспағанда) , оның ішінде: мұнай секторының ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар,	
--	---	--

2.

өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, мұнай секторының ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;
мұнай секторы ұйымдарының шығынды өтеуі туралы талап-арыздар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат;
мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;
- республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;
- ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және тізбе бойынша бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
- инвестициялық кірістер;
- республикалық бюджеттен берілетін кепілдендірілген трансфертті қайтару;
- республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертті қайтару;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер

”.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин